

Қарағанды Мемлекеттік Медицина Универитеті
Қазақстан тарихы және әлеуметтік – саяси
пәндер кафедрасы

- Тақырыбы: Қазақ философиясы

Орындаған: Еркінбек А.М.
Қабылдаған: Бакирова А.Т.

Қарағанды 2018

Кіріспе:


- Қазақ философиясы.
- Мифологиялық түсініктері.
 - Ақын, жыраулар.
 - Қорытынды.
- Қолданылған әдебиеттер.



- Ежелгі заманнан өмір сүріп келе жатқан түркі тайпалары негізінде қалыптасқан іргелі халықтардың бірі – Қазақтар. Ғасырлар бойында жазба мәдениеті болмаса да, ауызша әдіспен өзіне тән бай рухани мұра жасай білді. Ал жазба әдебиет пайда болғаннан кейін бұл мұра өте үлкен қарқынмен дами отырып, әрқилы ерекшеліктерге толы күрделі тарихи жолдардан өтті.
- Діни нанымдар. Қазақстар ерте кезде қайтыс болған ата – бабаларының аруақтарына сыйынған, олар өз ұрпақтарын қолдайды деп сенген.

- Мифологиялық түсініктері: табиғат күшетінің, жаратылыс құбылыстарының жаны бар, олардың иесі бар деп білген. Оларды киелілермен кесірлер деп бөлген. Киелілер жануарлар мен адамға жақсылық істейді, ал кесірлер ауру етеді, жұт – апат, пәле – жәла, қаза әкеледі, киелі мен кесірлер үнемі күресіп отырады деп білген.

Төрт түлік мал иелері:



- Қой – шопан ата,
- Жылқы – Қамбар ата,
- Түйе – ойсыл қара,
- Сиыр – зенгі баба,
- Ешкі – шекшек ата,

- Көк шөп ағаш шөпті басуға жұлуға болмайды көктей соласын деген ырым болған. Қазақтар орман мен жер суды өсімдікті қадірлеген.
- Қазақтар көк тәңірге, жерге (Жер анаға), суға (су анаға), отқа (от анаға), күн көзіне айға т.б. аспан денелеріне сыйынған.
 - Жаңа ай туғанда жаңа ай жарылқа, ескі ай есірке деп сәлем берген. Жаңбыр жаумай, қуанқы болғанда қара лақты құрбан етіп тасасты берген.



- Аспан әлемі туралы түсініктер: Үркер жұлдызының қазақтар үшін әрі астрономиялық, әрі метеорологиялық мәні болды. Жыл мен күнтізбе осы үркер жұлдызына қарап зерттелді.
- Темір қазық компас болған. Адаспау үшін бағыт. Жеті қарақшы (жетіген жеті қарт) жетіқарақшы малшылар мен күзетшілердің астрономиялық сағаты, осы жұлдызға қарап алмасты. Қыста кешкі шолпан жұлдызы туғанда (сары жұлдыз) қойды қораға қамады.
- Адамдардың жұлдыздары әртүрлі болады, су, от, топырақ, жел сияқы болып келеді. Бұл адамның мінез – құлқын, басқа адамдар мен қарым – қатынасын белгілейді

- Ақындар мен жыраулар, саясаткерлер мен батырлар, хандар мен қолбасшылар, айтыскерлер мен ертекшілер, билер мен серілер – бәрі де өздері өмір сүрген заманның объективті құбылыстарын тілге тиек, ойға өрнек етіп, әр түрлі деңгейде, бірақ жалпы алғанда жартылай даму тенденциясы шеңберінде қазақ халқының қоғамдық саяси, мәдени, сайып келгенде, философиялық ойлау жүйесінің құрылымын жасады.

Шалкиіз жырау Тіленшіұлы (1465-1560)



- Шалкиіз шығармаларының өзіндік ерекшеліктері – ондағы философиялық толғаныстардың молдығы. Көркем шығарма қашан да сол заманның, сол кездің ой-өрісімен салыстырыла бағаланбақ. Белгілі ғалым әрі жазушы Мұхтар Мағауин: «Шалкиіз – новатор еді – дейді. – Ол қазақ поэзиясындағы философиялық бағыттың негізін салды. Бұл қазақтың барлық жырауының атасы деуге болады. Өзінің философиялық афористік поэзиясы – толғауларында Шалкиіз ойлылықтың, көркемдіктің шыңына шықты. Қиыннан қиыстыру, нақтылық, ойнақылық, сонымен қатар тереңдік – Шалкиіз поэзиясының ерекшелігі. Бұл жағынан алғанда қазақ жырауларының ешқайсысы да онымен белдесе алмайды».

Бұқар жырау Қалқаман ұлы(1693-1787)

- Қазақ тарихындағы келесі алып тұлғалардың бірі Бұқар шығармаларындағы өзекті мәселелердің бірі – елдің бірлігі. «Бірлік болмай, тірлік болмас» дегендей, жырау халықты ынтымаққа, бірауыздылыққа, елді қорғауға шақырады.



Абай Құнанбайұлы (1845—1904)

- Абай — казак әдебиетінде сыншыл реализмнің негізін салушы. Ол "ақынның азаматтық парызы шындықты бейнелеуде, қоғамдық кесірді әділет пен ақылдың билігіне жүгіндіруде" деп білді. Абайдың философиялық шығармасы қара сөздер деп аталады Арабша ғақлия. Оның этикалық принципі - адам бол. Абай — ұлы гуманист.



Қорытынды

- Қорыта айтқанда, қазақ жерінде философтар аз болмаған. Олар қазақ халқының сауатының ашылуы мен әлеуметтік жағдайын жақсарту жолында көп қызмет атқарды. Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов сияқты ағартушылар қазақтың жарқын болашағының ашылатынына кәмел сенген. Ол үшін қазақ халқы еңбек етіп, білім алу керек деп көптеген өсиеттер, әңгімелер, өлеңдер жазып қалдырған.
- Менің ойымша қазақ елінің философиялы және мәдени жетістіктері алда деп ойлаймын, өйткені қазақ халқы енді ғана өзінің толық дербестігін алып, еркін ой дәрежесіне жетті.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!!!

